

The background of the slide is white and features several green butterflies of various sizes and orientations scattered across the page. The butterflies are semi-transparent, allowing the white background to show through them. They are positioned around the central text, with some appearing larger and more prominent than others.

Жаңа сабақ:

*Қазақтың зергерлік
бұйымдары .*

Сабақтың мақсаты:

зергерлік бұйымдары, оларды көркемдеу жолдары мен ерекшеліктері туралы мағұлмат беру, сабақ барысында оқушылардың шеберлігін, дүниетанымдарын кеңейту, оқушыларды қолөнерге, әсемдікке, сұлулыққа, адамгершілікке, халықтың қолөнерін қастерлеуге тәрбиелеу.

Сабақты өту жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі

2. Өткен сабаққа қорытынды

• Бақылау сұрақтары

3. Жаңа тақырып

• Танымдылығы бар мәліметтер беру,

• Зергерлік бұйымдармен танысу

4 Сарамандық жұмыс

5. Жаңа сабақты бекіту

6. Оқушыларды бағалау

7. Үйге тапсырма беру

• Екі топқа бөліп отырғызу

```
graph TD; A[• Екі топқа бөліп отырғызу] --> B[шолпылар]; A --> C[моншақтар];
```

шолпылар

моншақтар


2. Өткен сабақты қайталау:

- 1. Ұлттық киім дегеніміз не?***
- 2. Қазақтың ұлттық киімдерін сипатта?***
- 3. Ұлттық киім дайындау үшін дәстүрлі материал?***
- 4. Қазақ халқының әйел киімінің жиынтығы ?***
- 5. Ерлер киімінің жиынтығы?***
- 6. Қазақ әйелінің бас киімдері?***
- 7. Ерлердің бас киімдері?***



**Сабақтың
тақырыбы:
Қазақтың
зергерлік
бұйымдары**

**- Зергер сөзін естігенде
қандай ойда болсыз?**



Зергер

**Зер – парсының «алтын» деген сөзінен шыққан;
Кең мағынада «Алтынмен жұмыс істейтін шебер»
Қолынан шыққан бұйымы «алтынмен апталып,
күміспен күптелген»**





Қазақтың зергерлік өнері-өзінің сәнділігі мен әдемілігі бойынша ерекше өнер, ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлері мәдениетінің айрықша саласы. Бұл өнер қасиетті, игілікті іс болып саналған. Шебер зергер болу үшін табиғатынан ерекше дарындылығы болуы керек. Зергерлік өнердің құпиялары ұрпақтан-ұрпаққа, әкесінен баласына, ұстаз-тәлімгерден оқушысына жалғасып келеді.

Зергердің құрал-саймандары: көрік, қысқыш, төс, сымтартқыш





Әйелдерге арналған әшекейлер:
кеуделеріне алқа,
құлақтарына сырға,
шаштарына шолпы,
білектеріне білезік,
саусақтарына жүзік таққан.





Төске тағатын әшекей түрлері:
түйреуіштер, тұмарлар, ілгешектер, күміс
түймелер, гауһар тастардан
танамоншақтар.

Түйреуіштер, түйме






Қазақ әйелдері мен қыздары шаштарына да көп мән берген. Олар бұрымдарына шашбау, шаштеңге, шолпыны қоса өрген. Шаштеңге мен шолпы күміс шыншырмен бірлескен тоғыз тиыннан тұрады. 9 саны қазақтарда қасиетті болып саналады.


ШАШТЕҢГЕ, ШОЛПЫ, ШАШБАУ: шынжырмен бірлескен және гауһар тастармен, күміс немесе шашақпен әшекейленеді.




ШОЛПЫ



СЫРҒА: айсырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, салпыншақты, шашақты сырға, т.б





Білезіктер:
көне әшекей.
Олар жеке және
жұп болады.
Білезіктер
дің атаулары
олардың
түрлеріне сәйкес
болады. Сом
білезік, жұмыр
білезік, қақпақ
білезік, сағат
білезік.

Сақина: саусаққа киілетін әшекей жүзік.
Жас қыздар өте нәзік құс тұмсық жүзік
таққан. жас жұбайлар отау жүзік, құдағи
жүзік, жималы жүзік, тасбақа жүзік, тб





Белдік: ұлттық киімге ерекше әр беретін маңызды бұйымның бірі. Батырлар мен аңшылардың белдіктері құнды әшекейлермен ерекшеленеді. Екі қабат былғарыдан жасалған белдіктерге құс, аңдар, күн, айдың бейнелері салынған. Сонымен берге, белдіктерде қару және басқа да заттарға арналған аспа қалталар болған.



Кесте: қазақ халқының бұрынғы және қазіргі кездегі қолданбалы өнерінің кең тараған және сүйікті өнері. Қазақтың ұлттық кестесінің негізгі үш түрі бар, олар: бізкесте, баспа кесте, кенебе кесте, айқас кесте. Біз кесте өте күрделі, көп уақыт пен аса шеберлікті қажет етеді. Тұскиізді кестелеуге қолданады.



Жалпы адамзатты, оның ішінде жас жеткіншектерді сұлулық пен әсемдікке қуштарлыққа, талғампаздық пен тазалыққа тәрбиелейтін өнер .



5. Сарамандық жұмыс .

**«шолпылар» тобы мен
«моншақтар» тобына :
«Сәнді түйреуіш» жасау.**

Қауіпсіздік ережесін еске түсіреміз:

1. Жұмыс кезінде құралды (аспапты) мұғалім көрсеткендей ұста.
2. Пышақты немесе қайшыны жұмыс істегенде сол қолды олардың жүзінен алшақ ұста.
3. Пышақ немесе қайшының жүзін жоғары қаратып ұстама.
4. Жолдасыңа жабық қайшыны шеңберше жағымен , пышақты сап жағымен ұсын.
5. Инені шашпа және кез келген жерге тастама, матаға немесе киімге шанышпа. Ешқашан инені ауызға салма.

Керекті материалдар:

Кез келген түсті
моншақтар,жібек бау,мата
қиындысы,ине,жіп,
түйреуіш.

Орындау тәртібі:

1. Жібек бауды алып, гүлдеп бүкетеймізде ине жіппен бекітіп тігіп аламыз.

2. Матадан сопақ пішінді етіп қиып алып, жібек баудан дайындап алған күлтемізді бекітеміз.

3. Матаға бекітілген күлтемізге моншақтарды бір-бірден тігеміз.

4. Дайын болған сәнді бұйымның түйреуіш қадаймыз артына.

6. Сергіту сәті:
Халықтық
қолөнер туралы
мақал – мәтелдер
айту.

Қолөнерге,
шеберлікке қатысты
жұмбақ шешу.

Еңбегі аздың өнбегі аз.

Ерді еңбек жеткізер.

Ердің атың еңбек шығарады.

Еңбегіңнен ел таныр.

*Еңбегің қатты болса,
Татқаның тәтті болар.*

*Жаңбырменен жер көгерер,
Еңбекпенен ел көгерер.*

Байлықтың атасы — еңбек , анасы - жер.

Еңбек еткен емеді,
Еңбексіз не өнеді.
Еңбегіне қарай өнбегі

Еріншек егіншіден,
Ерінбеген масақшы озады.
Еңбегі ештің — күні кеш. ***
Ерінбеген етікші болады.

Рақаттың түбі кеңіс,
Еңбектің түбі жеңіс.
Еңбек ер атандырар.
Еріншектің ертеңі таусылмайды.

9. Бекіту:


1. Зергердің аспаптары қандай?
2. Әйелдерге арналған зергерлік бұйымдар?
3. Төске арналған әшекей бұйымдар?
4. Қыздардың шаштарына арналған бұйым ?
5. Киімді көркемдеп әрлеу үшін қолданатын фурнитуралар?
6. Белдік түрлерін ата?
7. Қазақтың ұлттық кесте түрлері?

Қорытынды:



Оқушыларды бағалау:

- *Екі топ бір-бірін бағалау.*
- *Журналға баға қою.*

The background is a solid light green color with several white butterfly silhouettes scattered across it. The butterflies are of various sizes and orientations, some appearing to fly towards the center and others away from it. The text is centered and written in a bold, black, sans-serif font.

**Үйге тапсырма беру:
Моншақтан әшекей білезік
жасап әкелу.**